

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

Prospects of «The AB-costing» system development associated with its using for the responsibility centers evaluation, as well as an information basis for the products and processes development. Moreover, the possibilities of modern information systems make it possible to account more effectively.

Thus, the AB-costing system helps not only to determine the costs of products, processes and types of operations, but also provides financial and non-financial information needed to identify opportunities to reduce costs and improve functioning. This system – one of the most important way, to succeed and grow of any company.

Literature:

1. Averchev I.V. Management accounting and recording. Realization and baptism. -M.: Vanity press «Vershina», 2006. - 373p.
2. Blatkov N.A. Basics of industrial accounting and calculation.-M.:Finance, 2007.-198p.
3. Kiselyev V.A. Perspectives of baptism ABC system in russian companies.// Management accounting, 2007. № 5. - 18-24p.

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖАҚСARTУ МАҚСАТЫНДА БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Кайранбеков Б.О., Хайдар Д.О.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: aigerim-95-1995@mail.ru, Kairanbekbaur_65@mail.ru

Жаһандану жағдайындағы ақпараттық қамтамасыз ету үрдісі соңғы кездері әлемнің дамуын зерттеушілері арасында талқыға салатын өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Әсіресе, экономикалық басқару реформасының дұрыс жүргізілуі халықаралық қатынасқа қатысушы мемлекеттердің сыртқы саясатының басты басымдық бағыты болып табылады.

Ал, экономикалық басқару реформасының нарықтық тетіктерін дамытуда және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етуде бухгалтерлік есептің үлесі ерекше болып табылады. Себебі, қазіргі жағдайдағы шаруашылық субъектілерінің табысты қызметі олардың ішкі ресурстары және сыртқы нарықтық орта туралы ақпарат пайдалану қабілетіне тәуелді болып отыр. Яғни, бухгалтерлік есепті дайындау пайдаланушылардың түрлі топтары тарапынан шешім қабылдау және жүзеге асыру үшін негіз болып қала бермек [1].

ҚР-ның «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» заңында барлық ұйымдар ХҚЕС-ті қолдануға міндетті делінген [2]. Сол себепті, нарықтық қатынастар жағдайында қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттар негізінде жүргізілуі бухгалтерлік есеп саласындағы теориялық зерттеулер қажеттілігін тудырады.

Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есептің ұлттық жүйесін қалыптастыруда және оны жетілдіруде түрлі факторлар әсер етеді [3].

Олар:

- ел дамуының тарихи;
- әлеуметтік-экономикалық жағдай;
- оның мәдениеті тарихы;
- үкімет және кәсіби қоғамдық ұйымдар;
- нормативтік-құқықтық реттелу жағдайы;
- қоғамдық және қоршаған ортаны реттеу және қадағалау;
- бухгалтерлік есеп жүйесінің сипаттамаларын анықтау және басқа да факторлар.

Жаһандану жағдайындағы ақпараттық қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп жүйесін жетілдірудің негізгі тәсілдерін әзірлеу және оларды Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес үйлестіру қажет [4].


Ол үшін өзара байланысты келесі міндеттерді шешу талап етіледі:

- шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық қатынастардың моделіне бухгалтерлік есепке алу жүйесінде ұлттық мектептер жіктелуін әзірлеу;
- жаңа бухгалтерлік есеп жүйесіндегі тексерістің негізгі даму бағыттарын анықтау;
- бірыңғай есепке алу жүйесіндегі ақпараттық жүйелерін өзара қарым-қатынастарын және иерархиялық ақпаратты айқындау;
- қаржылық ақпаратты жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтау;
- Қазақстан Республикасының негізгі есеп жүйесін жетілдіру жолдарын зерттеу.

Осы тұста Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жүйесін жетілдірудің негізгі жолдары ретінде алдымен ұлттық бухгалтерлік есептің жүйесін дамытуда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолдана отырып, келесі екі бағытты басшылыққа алуымыз қажет.

- Халықаралық стандарттарға сәйкес қаржылық есептілікті үйлестіру;
- микроэкономикалық модельдерді және экономикалық агенттердің экономикалық қатынастардың негізінде бухгалтерлік есеп жүйесіне сәйкес бухгалтерлік есепті үйлестіру.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын пайдалану қаржы есептілігін дайындау үшін шығындарды азайтуы мүмкін және әр түрлі елдердегі филиалдардың қызметін талдауды жеңілдетеді, ол халықаралық нарықтарда басқару шешімдерін оңтайландыруға және қаржыны арттыруға ықпал етеді. Ол үшін ең алдымен бухгалтерлік есептің қазіргі заманғы моделін қалыптастырудың алғышарттарын айқындауымыз қажет [5,6] (1-сурет).



Сурет 1. Бухгалтерлік есептің қазіргі заманғы моделін қалыптастырудың алғы шарттары

1-суретте көрсетілген негізгі алғышарттардың ішіндегі әлеуметтік-экономикалық бөлігі жиі өзгеріске ұшырайтындығын айта кеткеніміз жөн. Себебі, жаһандық жағдайдағы экономикалық жағдайдың үнемі құбылып отыратындығы елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына салдарын тигізеді. Ал, енді XXI ғасырдағы бухгалтерлік есептің дамуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторларға толығырақ тоқталайық [7] (1 кесте).

XXI ғасырдағы бухгалтерлік есептің дамуына әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсері

Фактор	Бухгалтерлік есеп теориясы және практикасындағы жаңа ашылулар
Компаниялардың жаһандық экономикалық процесіндегі өзара байланысы	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын әзірлеу, салықтық есепті бөлек шағын есепке алу
Ұйымның неғұрлым күрделі құрылымы (стратегиялық альянстар, аутсорсинг)	Желілік, корпоративтік бухгалтерлік есеп, стратегиялық басқару есебінің пайда болуы
Орнықты даму стратегиясы, бизнестің экологиялық зардаптары мен тәуекелдерге назар аудару	Ақпараттық кеңістікті ортақ ұйымның маңызды элементі ретінде бухгалтерлік есептің рөлін өзгерту. Кешенді корпоративтік есептілік, әлеуметтік есептілік, экологиялық есепке алу тұжырымдамасын қалыптастыру
Қаржы нарығындағы есептіліктің ашықтығы мен дәлдігіне қатаң талаптар	Халықаралық аудит стандарттарын, ішкі бақылау әдістерін, бухгалтерлік есептің институционалдық аспектілерін дамыту
Басқарудың инновациялық стилі	Жүргізілген бухгалтерлік есепке көзқарасты дамыту
Бизнес құндылығын арттырудағы білім мен зияткерлік ойдың жаңа рөлі	Компанияның капитал есебі және бағалау әдістерін іздеу

1-кестеде келтірілген әлеуметтік-экономикалық факторлармен қатар жаһандық жағдайда бухгалтерлік есеп жүйесін модельдеудің дамуына әсерін тигізетін алғышарттың бірі бухгалтерлік есептің сапалық сипаты болып табылады (2-сурет).



Сурет 2. Қазіргі заманғы бухгалтерлік есеп жүйесінің сапалық сипаттамалары

Жаһандану процесі соңғы бірнеше онжылдықта бухгалтерлік есептің мүлдем жаңа сапасын жасады, жаңа проблемалар құрды, жаңа тәуекелдерді анықтады. Осы проблемалар мен тәуекелдер жаңа теориялық және бухгалтерлік есеп бойынша қазіргі заманғы жаңа тұжырымдамалар құру және дамыту бойынша бухгалтерлік контекстің қайтақарауын талап етті.

Сонымен, қорытындылай келе жаһандық жағдайда экономикалық жүйені тиімді басқару мен шешім қабылдау процесіне қажетті ақпараттар қалыптастырушы бухгалтерлік есеп жүйесінің алар орны жылдан-жылға арта бермек. «Бухгалтерлік есеп барлық ғылымдар мен өнерлерден де биік тұрады, не олардың барлығы оны қажет етеді, ал ол ешкімді де қажет етпейді, бухгалтерлік есепсіз әлемді басқару мүмкін болмас еді және адамдар бірін-бірі түсіне алмас еді» деп айтқан Б.Солозаның сөздерінің жаны бар. Бухгалтерлік есеп басқару

жүйесінде осы күндері ең маңызды орындарды иеленіп келетіндігін мақала жазу барысында көзіміз жетті. Себебі, жоғарыда атап өткеніміздей экономика қалай өзгерсе, бухгалтерлік есеп жоғалып кетпейді, керісінше күн санап өзгеріске ұшырап, жетілу үстінде.

Әдебиеттер:

1. Кеулімжаев Қ.К., Әжібаева З.Н., Құдайбергенов Н.А. Бухгалтерлік есеп принциптері: Оқу құралы. - Алматы, ЭкономикаС, 2003 ж.
2. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 234 Заңы
3. Шарипов А. К. Опыт применения МСФО в Казахстане // Экономика, управление, финансы: материалы II междунар. науч. конф. (г. Пермь, декабрь 2012 г.). — Пермь: Меркурий, 2012. — Б. 96-101.
4. Концепция развития системы бухгалтерского учета и аудита в Республике Казахстан на 2007-2009 гг.
5. Сидорова, М.И. Модели интеграции различных учетных подсистем в единое информационное пространство / М.И. Сидорова // Международный бухгалтерский учет. – 2013. - № 30 (276)-2013 август. – Б.20-27. (0,72 п.л.)
6. Сидорова, М.И. Бухгалтерский учет в условиях глобализации мирового экономического пространства: Монография / М.И.Сидорова // - М.: Финансовый университет, 2013.-136с. (8,5 п.л.)
7. Sidorova, M. The accountancy theory in the 21st century / M.Sidorova // European Journal of Natural History.-2010.-№1.-Б.47-48. (0,1 п.л.)

ШЫҒЫНДАРДЫ АЗАЙТУДЫҢ КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕЛЕСУГЕ ҚАБІЛЕТТІГІНЕ ӘСЕР ЕТУІ

Омашева А., Сулейменов Ж.М.

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева

Республика Казахстан, г. Астана

E-mail: 87018811655@mail.ru

Компанияның бәсекелестік басымдылығы оның нарықтағы жемісті қызметіне негізделеді. Алайда он жыл бойғы өркендеу мен белсенді ілгерілегеннен кейін көптеген фирмалар өз ісін әртараптандыру мен табысқа кенелуге ғана ұмтыла отырып, бәсекелестік басымдылық туралы ұмытып кетеді. Бұрын-соңды бәсекелестік басымдылықтың қазіргі күндегідей маңыздылығы болған жоқ, демек бүкіл әлем бойынша компаниялар ұлғайып келеді, ал нарықтағы бәсекелестердің іс-әрекеті табысқа барлығы қол жеткізе алмайтындығын көрсетуде.

Бәсекелестіктің мағынасын анықтаған кезде экономисттер қолданатын тәсілдердің әртүрлілігі бәсекелесуге қабілеттілік санатын қарастырған кезде де бейнеленеді. Кәсіпорынның бәсекелестік мәселесін зерттейтін әр зерттеушінің негізгі тапсырмасы бәсекелесуге қабілеттіктің критерийлерін анықтаудан, сондай-ақ бәсекелесуге қабілеттіліктің көзі мен факторларын анықтаудан құралады. Алайда орасан зор коннотациялық шатысқандық, түсініктемелер мен анықтамалардың айқын еместігі байқалады. Айқын еместік түсініктеме беру деңгейінде анықталанады. Сонымен, экономикалық әдебиетте кәсіпорынның бәсекелесуге қабілеттілігінің әртүрлі анықтамаларын кездестіруге болады.

Нарықтық экономика жағдайында табысқа жетудің негізгі тәсілі болып өнімді өткізу және өнімнің қосымша құнына қол жеткізу табылады. Бұл тұста өнімді өндіру және/немесе өткізу шектеулі экономикалық ресурстарды пайдалану арқылы жүргізіледі. Сондықтан нарықтық экономика жағдайында пайда табу экономикалық ресурстарды пайдалану тиімділігімен немесе алынған нәтиже мен оған жету үшін жұмсалған шығындардың арақатынасының тиімділігі арқылы жүзеге асырылады. Сәйкесінше, нарықтық